**2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

377, 378, 379, 380, 381, 382-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 377-ҚОСЫМША

*Ескерту. 377-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *, 2005.11.22. N* 1141 *қаулысымен.*

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 272200 мың теңге (екі жүз жетпіс екі миллион екі жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының бюджет кодексі ; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы "Ақпараттандыру туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" N 453-1 Заңының 1-30-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтарындағы N 1282 "Санаттар бойынша әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді лауазымдар Тізілімін бекіту туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы

Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мемлекеттік бюджет және смета бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі мәселелері" N 280 жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесін одан әрі күшейту шаралары туралы" N 29 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 карашадағы "Мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың жекелеген мәселелері" N 1156 Қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы" N 1706 Қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жүктелген іс-қимылдардың барынша тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі орталық аппаратының және олардың аумақтық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің орталық аппараты мен оның аумақтық бөлімшелерін ұстау. Конкурс арқылы мемлекеттік қызметке біркелкі қол жеткізу, материалдық-техникалық базаны нығайту. Қазақстан Республикасы Президентінің " Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" жолдауы .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са-ны | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | | | Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызметін қамтамасыз ету | | |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | Бекітілген штат лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің саны 49 бірлік, оның ішінде тәртіптік кеңестермен жұмыс жөніндегі бөлімді ұстауға штат саны 5 бірлік орталық аппаратын, 1 ксерокс және 2 факс ұстау. | 2005 жыл аралығында | Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі |
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Бекітілген штат саны лимитіне сәйкес, 204 бірлік көлемінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарының аппаратын ұстау, оның ішінде штат саны 84 бірлік Тәртіптік кеңес хатшылықтарының қызметін қамтамасыз ету | 2005 жыл аралығында | Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Біліктілікті арттырудың бекітілген жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері | 2005 жыл аралығында | Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жөніндегі агенттік 120 қызметкерлерінің біліктілігін арттырудағы қызметтерді игеру, оның ішінде мемлекеттік тілді оқыту | | |
| 5 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Орталық аппарат және аумақтық органдарға 35 офис жиһаздары комплектілерін сатып алу. Тәртіптік кеңес хатшылықтары үшін: офистік жиһаз - 16 жиынтық, көшіру аппараттары - 16 бірлік, факсимильді аппараттар - 16 бірлік, автомашиналар - 16 бірлік сатып алу. | 2005 жыл аралығында | Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі |
| 6 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | 32 дана жұмыс станцияларын сатып алу. Тәртіптік кеңес хатшылықтары үшін компьютерлер - 105 бірлік, принтерлер - 16 бірлік, шығыс материалдарын; техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер; есептеу техникасы мен бағдарламашылар қызметтерін, теле- | 2005 жыл аралығында | Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі |

коммуникациялық қызметтер сатып алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыру, мемлекеттік қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайту, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіптік деңгейін және мемлекеттік қызметтің сапасын жоғарылату.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 378-ҚОСЫМША

*Ескерту. 378-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын ақпараттандыру және тестілеу жүйесінің жұмыс істеуі" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 70560 мың теңге (жетпіс миллион бес жүз алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының бюджет кодексі ; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 1-30-бабы ; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы "Ақпараттандыру туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Заңы ; "Әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді аттестациялаудың ережелері" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылдың 21 қаңтарындағы N 327 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Ақпарат және тестілеу мемлекеттік мекемесінің мәселелері" 2000 жылғы 12 қаңтардағы N 50 Қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мемлекеттік қызмет кадрларын басқарудың ақпараттық жүйесін құру және іске қосу, мемлекеттік қызметшілерге тестілеуді және аттестациялауды өткізу, техникалық қолдау жасау мен жергілікті инфрақұрылымдарды сүйемелдеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметшілердің құрамы мен кадрлық резерві жөніндегі деректерді құру және ұдайы жаңартып отыру, мемлекеттік қызметшілерді тестілеуді және аттестациялауды қамтамасыз ету ақпараттардың қорғалуын қамтамасыз ету, ақпараттық Web-сайттың қорғалуын назарда ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са-ны | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын ақпараттандыру және тестілеу жүйесінің жұмыс істеуі | Тестілеу орталығын ұстау, штаттағы және штаттан тыс қызметкерлердің еңбек ақысын төлеу, аумақтық орталықтарды материалдық және техникалық жабдықтау, телекоммуникациялық қызметтерді төлеу, ИСУК бағдарламасын сүйемелдеуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу, Интернет жүйесіне кірудің қызметін төлеу, есептеу техникасына техникалық қызмет көрсету 186 дана, 34 принтер, 51-ші лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз | 2005 жыл аралығында | Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі, Ақпарат және тестілеу орталығы. |

етуді (криптография) және 1.С. "Бухгалтерия" бағдарламасын сатып алу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің іс-қимылын ақпараттық және техникалық қолдау, мемлекеттік қызметшілердің тестілеуден және аттестациялаудан өтуін қамтамасыз ету, электронды үкіметтің бір құрамы ретінде мемлекеттік органдардың кадрлық қызметін бірыңғай ақпараттық ортаға біріктіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 379-ҚОСЫМША

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы қолданбалы ғылыми-зерттеулер" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5000 мың теңге (бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексі ; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 3 , 5-бабы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жетілдіру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4075 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің мәселелері" 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 280 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызметті өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттырудың жекелеген мәселелері" 1998 жылғы 11 карашадағы N 1156 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Мемлекеттің қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 Қаулысы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы "Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекеме

қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу жүйесі туралы" Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" жолдауы , Астана қаласы, 19 наурыз, 2004 жыл.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі жетілдірудің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету; мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласында қолданбалы және іргелі зерттеулерді әзірлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

- мемлекеттік басқаруды жетілдірудің ғылыми-тәжірибелілік, методологиялық, қолданбалық, теориялық-талдаулық, консалтингтік, маркетингтік қолдауын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі демократияландыруды жүзеге асырудың тетіктерін, кәсіби мемлекеттік қызметті қалыптастырудағы іріктеу мен одан әрі жетілдірудің тетіктер жүйесін жасау;
- жаңа топтағы басшыларды дайындауды қамтамасыз ететін құрылымдарды одан әрі жетілдіру;
- Қазақстан Республикасында мемлекетті басқару және мемлекеттік қызмет жүйелерін тұрақты дамыту үшін жағдайды қалыптастыратын ғылыми-теориялық базаларды құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-саны | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы қолданбалы | Ғылыми-техникалық сараптама жүргізу бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеу. Іріктеу жүйесін жасау және кәсіби мемлекеттік | 2005 жыл аралығында | Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі |

ғылыми-зерттеулер қызметті қалыптастырудың тетіктерін одан әрі жетілдіру. Мемлекеттік басқаруды жетілдірудің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, саяси ресурстарына ғылыми-теориялық зерттеу. Зерттеу нысаны ретінде экономиканың мемлекеттік бөлігі қызметінің методологиялық үрдістерін жасау. Тиімді қызметке, мемлекеттік қызметкерлердің өздерін жетілдіруге ынталандыру тетіктерінің әлеуметтік дәлелдемесі үлгісін

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік басқаруды жетілдіру тұжырымдамасының ғылыми-техникалық негіздемесі.

Экономиканың мемлекеттік (қоғамдық) секторының тұжырымдамасы.

Мемлекеттік қызметте персоналдарды басқарудың дәлелдемелік үлгісі.

Қазақстанда мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйесінің тарихи-заңдылық дамуын жаңғырту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
380-ҚОСЫМША

*Ескерту. 380-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 229173 мың теңге (екі жүз жиырма тоғыз миллион бір жүз жетпіс үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексі ; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 3 , 5-бабы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жетілдіру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4075 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің мәселелері" 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 280 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің " Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2000 жылғы 10 наурыздағы N 375 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік академия мәселелері" 1998 жылғы 12 қаңтардағы N 4142 өкімі , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттырудың жекелеген мәселелері" 1998 жылғы 11 қарашадағы N 1156 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 Қаулысы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 "Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу жүйесі туралы" Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" жолдауы , Астана қаласы, 19 наурыз, 2004 жыл.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасын білікті мемлекеттік қызметшілер кадрларымен қамтамасыз ету, мемлекеттік қызмет кадрларының кәсіби деңгейін арттыру және мемлекеттік қызметшілерді оқыту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ тұрақты негізде аумақтық органдардың аппараттарын қоса Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі қызметкерлерінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік қызметшілерді қазіргі

заманның талаптарына сәйкес даярлау және біліктілігін арттыру, мемлекеттік қызмет пен кадр саясатын, мемлекеттік және жергілікті басқару саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, Республика оқу орындарының және аумақтық орталықтардың мемлекеттік қызмет үшін мамандар даярлауды, қайта даярлауды және мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын салаларындағы іс қызметтерін үйлестіру және әдістемелік басшылықты қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Реттік саны | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру | Бекітілген жоспар кестеге сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік қызметшілер академиясының филиалдарында оқытылатын тыңдаушылардың ортажылдық саны - 70. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін жоғарылату курстарын жүргізу. Біліктілігін жоғарылату курстарынан өтуші мемлекеттік қызметшілердің ортажылдық саны - 3000. Активтерді (серверлер - 7 дана, жұмыс | 2005 жыл аралығында | Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік қызмет академиясы |

станциялары - 186 дана, телекоммуникациялық және жүйелік құрылғылар, ұйымдастыру техникасы) және материалды емес активтерді сатып алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігіне жүктелген істерді уақтылы және сапалы орындау, материалды-техникалық базасын нығайту, Агенттіктің қызметшілерінің, аумақтық қызметшілерін қоса біліктілігін жоғарылату жоспарын орындап, тиісті сертификаттар беру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 381-ҚОСЫМША

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Астана қаласының бюджетіне мемлекеттік органдардың және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне тұрғын үй салуға және сатып алуда үлестік қатысуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 616472 мың теңге (алты жүз он алты миллион төрт жүз жетпіс екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 24 -бабының 1-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004-2007 жылдарға арналған іс-шараларын жүзеге асыру бағдарламасының 7.1.7 мен 7.1.8-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйегіндегі N 903 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мемлекеттік органдардың және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін тұрғын үй салу және сатып алуға қатысу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са-ны | Бағ-дар-ла-ма коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Астана қаласының бюджетіне мемлекет-тік орган-дардың және мемлекет-тік меке-мелердің қызмет-керлеріне тұрғын үй салуға және сатып алуда үлестік қатысуға берілетін нысаналы даму тран-сферттері | Қазақстан Респуб-ликасы Үкіметі шешімінің негізін-де мемлекеттік органдардың қызмет-керлері және мемле-кеттік мекемелердің қызметкерлері үшін тұрғын үй салу және сатып алу үлесіне қатысуындағы Астана қаласының бюджетіне мақсатты трансферт-терін аудару. | 2005 жыл аралы-ғында | Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Орталық органдардың мемлекеттік қызметшілерін және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін тұрғын үймен салу және сатып алу жолымен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
382-ҚОСЫМША

*Ескерту. 382-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

608 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**"Мемлекеттік қызметшілердің шетелдерде біліктілігін арттыру" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 231161 мың теңге (екі жүз отыз бір миллион бір жүз алпыс бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексі ; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы ;
Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы "Мемлекеттік қызметті өту туралы Ережені бекіту жайлы" N 357 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасын жоғарғы деңгейлі мемлекеттік қызметшілермен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Шет елде арнайы бағдарламалар бойынша алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелерді жинақтау және қосымша кәсіптік білім алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са-ны | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 006 | Мемлекеттік қызметшілердің шетелдерде біліктілігін арттыру | 114 мемлекеттік қызметшілерді жетекші шетелдік білім беру орталықтарында оқыту. Экономика, құқық, мемлекеттік басқару, сондай-ақ басқару органдардың қызметін ұйымдастырудың еуропалық тәжірибесімен және мемлекеттік қызмет көрсету әдістерімен таныстыру. | 2005 жыл аралығында | Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Шет елде мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру озат ақпараттық технологиялар мен басқарудың инновациялық әдістерін енгізуді қамтамасыз етеді және Қазақстанда кәсіптік мемлекеттік қызметіне түсімдік дамуға жаңа импульс беруі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК